Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, бесін аска отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Бата қайтару.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу «Ортақ атауына қарай топтастыр» Мақсаты: балалар кез-келген заттың ортақ атауы болатынын түсінеді **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Сюжеттті-	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу«Жабайы жануарлары» Мақсаты: Балаларды жабайы жануарлары мен төлдерді ажыратады **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Сюжетті-	«Сегене тақтайшалары» Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады. **(құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** Сюжетті-рөлдік ойын. «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» Мақсаты: берілген ойын әрекеттер	Математика негіздерінен ойын-жаттығу«Құлыпты аш» Мақсаты: логикалық ойлай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады. **(құрастыру, математика негіздері)** Сюжетті-рөлдік ойын.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу«Артығын тап» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. **(сөйлеуді дамыту)** Сюжетті-рөлдік ойын. «Теңізшілер. Теңіз астындағы қайық»

Scanned with CamScanner

	рөлдік ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Азық-түлік өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға рөлдерді бөлуге және рөлдері бойынша әрекет етуге көмектесу, өз беттерімен қажетті құрылыстарды салуға үйрету, балалардың тілектестік-карым қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында кеңінен қолдануға ықпал ету. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	рөлдік ойын «Пошта» Мақсаты: Ойын кезінде балаларға ауыспалы заттарды қолдануды үйрету, өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ету. Байланыс торабы қызметкерлерінің жұмысымен таныстыруды, пошта қызметшілеріне құрметпен қарауды қалыптастыруды жалғастыру, ойын барысында ересектердің еңбегін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетуді, сан мен санау туралы алған білімдерін қолдануды, заттармен және заттарсыз әрекеттену біліктерін дамытуды, орындалып жаткан әрекеттер туралы айтуды үйрету. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	«Құрылысшылар» Мақсаты: Ойын жоспарларына сәйкес іс әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген рөлдерді бөлуге ойнауға үйрету. Балалардың тілдік мәнерлігін, шығармашылығын, айналаны қоршаған ортамен ойын арқылы жүзеге асыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аягына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	Дінмұхаммед,Саямен Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру	Амир,Әлихан,Шерхан мен Қағаз бетінде бағдарлай алуын дамыту	Имран,Мұхаммедпен Кітапқа карап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Али,Руфина, Асылыммен Қалдық және табиги материалдан құрастыруға талпындыру	Раяна, Алиханмен «Жақсы» немесе «жаман» екенін түсіндіру және ажыратуды дамыту

Scanned with CamScanner

Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен	Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Сақина жасыру.»	Бақылау: топ ауласындағы құстар түрлерін бақылау(сөйлеуді дамыту, зерттеушілік қабілеттерін дамыту) Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Күш сынаспақ»	Ауладағы шөптерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» Балалардың дербес ойындары	Бақылау: топ ауласындағы емен ағашын бақылау(сөйлеуді дамыту, зерттеушілік қабілеттерін дамыту) Ұлттық ойын «Соқыр теке» Балалардың дербес ойындары	Бақылау: ауа-райындағы және табиғаттағы өзгерістерді бақылайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Ұлттық ойын «Атбақыл»
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Лего құрастыру бөлшектері арқылы гүлденген бақша құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті)	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар «Көлік салоны» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	**«Мақтау сөздер айту» дидактикалық ойын** Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынаска, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.	Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй қою Даладағы ағаштардың жапырақтарына ұқсас түсті таңдап жапырақтарды қиып ағашқа жапсыруды үйрету. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін	Балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша кеңес беру.	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Кеңес беру. Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту.

Scanned with CamScanner

		күнделікті сұрап тұруын ескерту.			

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер _____
«22» «11» 2024-2025 о.ж
_____

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 25.11 -29.11. Қараша айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.11.2024	Сейсенбі 26.11.2024	Сәрсенбі 27.11.2024	Бейсенбі 28.11.2024	Жұма 29.11.2024
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тукешова Райгуль, Бергазина Майра Айбековнамен жеке жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.	Дарьябаева Жанар Ырзабекқызы, Сильбаева Анар Нуртайқызымен жекежұмыс: «Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту» туралы әңгімелесу	Бектлеуова Жанылай Тагибергеновна, Махметова Салтанат Жумашевнаға «Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай» жөнінде әңгімелесу	Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Муратова Мира Батырбекқызымен Балаларды үлкендердің құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелеу	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Исаева Толганай Аманулаевна, Латиева Зерде Оңдасынқызымен өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимыл ды, үстел үсті ойын дары,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқа лар)	(дене шынықтыру, денсаулық дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуді дамыту) «Мысық пен тышқан» Қимылды ойыны Қимылдарын дамыту, дене қозғалысын дамыту.	Үстел үсті ойындары. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті. Пазлы құрастыру: құрастырып ойнау, тату, достық қарым-қатынаста ойнауға үйрету. «Жиһаздар» боямакпен жұмыс.	Қоршаған ортамен таныстыру,еңбек дағдыларын дамыту. "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті	«Жиһаздар» Фото сурет құрастыру. Фото суретте бейнеленген жиһаз және оның ерекшеліктерін табу. Сұраққа жауап беру. Түстерін ажыратып атай білу. (шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	Кітап бұрышындағы еңбек".(кітаптарды қалпына келтіру).Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығу кешені /затсыз/ Сапқа тұру. -Колоннада жүру,жүгіру 1.Б.қ:аяқ арасы иық деңгейінде,екі қол төменде,1-қолды жоғары көтеру,шапалақтау,2-қол алда,шапалақтау,3-оңға-солға бұрылып шапалақтау,б.қ келу. 2.Б.қ.аяқ арасы алшақ,екі қол иықта,иықты алға-артқа айналдыру.(5-6рет) 3. Б. қ.:аяқ арасы қосулы,қол төменде. Оң қол жоғары,сол қол төменде,алға-артқа созу. Алма-кезек қолды ауыстыру,бастапқы қалыпқа келу.(5-6 рет) 4.Б.қ.негізгі тұрыс,қол белде,оң аяқты 1-алға,2-капталға,3-артқа,4-бастапқы қалып.Дәл солай сол жақпен қайталау. (5-6рет) 5.Б.қ:негізгі тұрыс,тізе қосулы,қос аяқпен 8реттен секіру (5-6рет) 6. Б.қ.негізгі тұрыс. Орнына тұрып жүгіру. (5-6рет) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

Scanned with CamScanner

Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызып, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)Аска бата беру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Үстел үсті театры «Менің отбасым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Дидактикалық ойын : «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	«Құтқару қызметі» ойын – жаттығу. Қимылдық белсенділігін арттыру. Мақсаты: дене жаттығуларын жасату
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді қолдану. Артикуляциялық жаттығу: «Шар» «Қанша болды?», «Қаншасы калды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр» Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту,	**Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Жиһаздар және оның бөліктері туралы түсінік беру. «Жиһаздар дүкені» Дидактикалық ойын: «Қима суреттерден жиһаз суретін құрастыр», «Дұрыс орналастыр» Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Дидактикалық ойын: «Қима суреттерден жиһаз суретін құрастыр» Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету. Бояумен сурет салу. «Ас үй жиһазы» Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Ертегі оқып беру. «Түлкі мен тырна»	**Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. Дидактикалық ойын: «Жиһаздар» қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, таза, айтуға үйрету, тілдерін дамыту, сөздік қорын байыту **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Санамақ. «Шапшаң санау» Дидактикалық ойын: «Адасқан сандарды тап» Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық»	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.«Әжемнің сандығы» Дидактикалық ойын: «Қайда не қоямыз» Пішіндермен ойын. Дидактикалық ойын: «Құралдар саны» Дидактикалық ойын: «Шапшаң санау» Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын,

Scanned with CamScanner

	кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Мен кіммін?» Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: Жихаз суретін салу. Ермексазбен кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **Дене шынықтыру** Бассейн	тастау арқылы қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» «Суретті жинап ал» Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.Қоршаған орта туралы түсініктерін бекіту.	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету арқылы сөйлеуін дамыту «Бұл нешің суреті» 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Көрші санды тап»	«Үш аю» ертегісі. Балалармен ертегіні әңгімелеу, Сұраққа толық жауап беруге үйрету. Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. «Дөңгелек үстел»	ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.	**Бақылау:** Тұманды бақылау. Мақсаты:	**Бақылау:** Шықты бақылау.	**Бақылау:** Күзгі қалған жапырақтарды бақылау.	**Бақылау:** Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.

Scanned with CamScanner

	Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық,коммуникативтік әрекет **Еңбек:** «Таза алаң» Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу Қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеттері **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қаздар » Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын қимыл белсенділігі	Күзгері тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық, коммуникативтік әрекет **Еңбек:** Ойын алаңындағы беседканы жинауға көмектесу. Мақсаты: Үлкенге көмектесуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеттері **Қимылдық ойын:** «Шымшық доп » Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір таған ның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап	Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық,коммуникативтік әрекет **Еңбек:** Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеттері **Қимылды ойын:** «Қаздар мен бақташы » .Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. (Көркем әдебиет–коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі)	Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық,коммуникативтік әрекет **Еңбек:** Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Еңбек дағдыларын дамыту Қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеттері **Қимылды ойын:** «Аю жүрген орманда » Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту (Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі) «Сақина жасыру» ұлттық ойыны Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба	Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық,коммуникативтік әрекет **Еңбек:** Жапырақтарды жинау Мақсаты: Күзгі сарғайған жапырақтарды жинау, ойын алаңында тазалыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру, еңбек әрекеттері **Қимылдық ойын:** «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету, ойын ережесі бойынша орындауға, татулыққа, ептілікке үйрету. Қимыл қозғалыстарын дамыту Көркем әдебиет–коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі «Күш сынаспақ» ұлттық ойыны Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек

Scanned with CamScanner

		кою кажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аягымен теуіп калганда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алган бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан катыса алады. Көркем әдебиет– коммуникативтік,ойын, кимыл белсенділігі	«Қыз –куу» ұлттық ойыны. Балалар арасынан бір ер бала,бір қызды(ағаш атпен)қуады.Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.Кейде қызды 2 бала да қуады кай бала бұрын жетіп қыз колын ұстаса сол бала жеңіске жетеді. (дене шынықтыру, коршаған ортамен туралы түсінік)	кояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалгастыра береді. Мақсаты: ептілікке, аңғарымдылыкка, достыкка тәрбиелеу.	сынасуымен орындалады.2 бала шынтақтарын столға тірек кол бастарын айкастырады.Кім білекті столға жыкса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады.Бірақ баланың қауіпсіздігі катаң бақыланады.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Тіл дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. Суды үнемдеп колдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен кол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға кол созамыз.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Ертегі оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Коршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				

Scanned with CamScanner

Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Терезеге қарап, Күн жылуын алайық (дене шынықтыру, дербес әрекет)(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар. Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. Көркемсөз Қолды жусақ әркашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын жаттығу"Жиһаз неден жасалған ?" Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды жиһаздың неден жасалатынын түсіндіру; Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба". Дидактикалық ойын. "Сықырлы сөздер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. Саусақ жаттығуы. Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласыңдар. Сәулеріңді шашып, Жарқырап жайнайсыңдар.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діні мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын құс". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру;	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Сықырлы кемпіркосақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпіркосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпіркосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. "Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны.

Scanned with CamScanner

	балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жаңып-сөніп, Жаңып-сөніп Жарқырап жанасыңдар. (сөйлеуді дамыту)	ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.	Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпіркосақ түстерін тап". Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын айту керек. Сиыр мөңірейді. (Мө - мө) (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Әлихан, Шерхан, Асылыммен геометриялық пішіндер туралы дидлактикалық ойын «Бұл қандай пішін, түсі қандай?»	Сая, Алимен Тілін дамыту бойынша саусақ ертегісін ролмен сомдап ойнау «Шалқан» ертегісі	Алихан,Амир,Мұхаммедпен санау, сандарды ретімен дұрыс орналастыру бойынша ойын	Димаш, Раянамен пазлы, боямақпен жұмыс Қарандашты дұрыс ұстауға машықтандыру. Ұқыпты бояуға үйрету.	Руфина, Имранмен дидактикалық ойын «Көлеңкесін тап және сипаттап бер»
Серуенге дайындық	киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді тұзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. . (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету(дербес әрекет)				
Серуен	Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын	Жапырақтың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуді, сұраққа	Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде	Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау)	Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Алдымен, күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы

Scanned with CamScanner

	анықтау; ағаштардың козғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, катты желден ағаш жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. "Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету білігін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. «Желбезекпен жүгіру» (дене шынықтыру)	толық жауап беруді үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгені, ағаштардан жапырақтары сарғайып жерге түсуінен байқауға болатынын айту. Жапырақтар жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екенін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды. - Жапырақтардың сыбырлағанын естіідіңдер ме? - Жел сокканда жапырақтар ағаштан үзіліп, ауада қалықтап, баяу жерге түседі. Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз. Жапырақтар желге баяу ұшады, жапырақтар жеп-жеңіл. Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?	салкын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Қимылды ойын. «Бір аякпен жолдан секіру». (дене Ойын барысы. Ойыншылар аланда тұрады, жүргізуші оларға карсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады. Ұлттық ойын: «Қыз куу» Ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін	және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. Өз бетімен ойындар. Доппен ойын. Әр балаға доппен ойнауға мүмкіндік беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін ояту. Ұлттық ойын: «Шертпек» «Орамал тастамақ» Ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру,достыққа, татулыққа тәрбиелеу	күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу. Қимылды ойын. «Қыз куу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. Өз бетімен ойындар. «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру. Ұлттық ойын: «Аударыспақ», «Арқан тарту» Ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру,достыққа, татулыққа тәрбиелеу

Scanned with CamScanner

	Желбезекті колға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол бала жеңімпаз болады. Өз бетімен ойын ойнау. «Желбезекпен ойын». Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. Ұлттық ойын: «Сақина салу» Ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру,достыққа, татулыққа тәрбиелеу	- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды? - Күздің келуімен олар қалай өзгерді? Қайыңның жапырақтары қандай түсті? (Алтын сары.) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.	арттыру,достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ұлттық ойын: «Асық ату» Ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру,достыққа, татулыққа тәрбиелеу		
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Бұл ненің дәмі" Мақсат-міндеттері. Балаларды сезім мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Дәмін иіскеу, дәмін сезу арқылы ажыратуға болатынын білуге болатынын білу; Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:Ертегіні оқу; үстел театры. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. (дене шынықтыру)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Дене мүшелерін ата". Мақсат-міндеттері. Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін бекіту. Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?» Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Қуыршақты киіндір". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағаздан жасалған қуыршақты киіндіру арқылы басы мен денесін жапсыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Қоян-қоян" қасық қуыршақпен ойын. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Аю бауырсақпен кездесті". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету.
Балалардың үйіне қайтуы	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Бергазина Майра Айбековна, Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	Исаева Толганай Амануллаевна, Латиева Зерде Оңдасынқызымен баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	Дарьябаева Жанар Ырзабекқызы, Сильбаева Анар Нуртайқызымен "Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	Бектлеуова Жанылай Тагибергеновна, Махметова Салтанат Жумашевнамен "Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	Муратова Мира Батырбекқызы, Тукешова Райгуль, Картанова Нұргүл Әбдіхалыққызы Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысуы туралы ата-аналарымен әңгімелесу.

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер _____
«29» «11» 2024-2025 о.ж
Мухамшова Ж.С.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 02.12 -06.12.Желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.2024	Сейсенбі 03.12.2024	Сәрсенбі 04.12.2024	Бейсенбі 05.12.2024	Жұма 06. 12.2024
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Махметова Салтанат Жумашевна, Сильбаева Анар Нуртайкызына кеңес: «Бала денсаулығын сақтау- басты мәселе»	Бектлеуова Жанылай Тагибергеновна, Дарьябаева Жанар Ырзабекқызымен жеке жұмыс: «Бала құқығын қорғау басты парызымыз»	Латиева Зерде Оңдасынқызы, Исаева Толганай Амануллаевнамен жеке жұмыс: балаңызды мейірімділікке қалай баулисыз?	Муратова Мира Батырбекқызы, Кенжебаева Айгуль Сандигалиевнамен жеке жұмыс:баланы еңбекке баулу туралы әңгімелесу	Бергазина Майра Айбековна, Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Тукешова Райгульмен жеке жұмыс: Демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы әңгімелесу.

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз. Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларға білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін толықтыру, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке сақтауға саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (шашақшамен) 1.Б.қ:аяқ арасы сәл алшақ,шашақша төменде,1-аяқ ұшын көтеру,2-шашақшаны екі қапталға сермеу,3-жоғары сермеу,4-б.қ (5-6 рет) 2.Б.қ:аяқ арасы иық деңгейінде шашақша екі қапталда,оңға-солға иілу. 3.Б.қ:аяқ арасы алшақ,шашақша төменде,бір орында жүре тұра,шашақшаны жоғары көтеріп бір-біріне тигізу,б.қ келу. 4.Б.қ:аяқ арасы алшақ екі аяқпен кезек-кезек секіріп,екі қолды кезек-кезек жоғары көтеріп,шашақшаны жоғары-төмен сермеу. 5.Б.қ:аяқ арасы қосулы,қол белде,бір орында секіріп тұрып,шашақшаны иыққа тигізу,жоғары сермеу,б.қ келу. 6. Б.қ:аяқ арасы қосулы Қолды жанына ұстап шашақшаны айналдыру. Б.қ келу. Жәй жүріс,«Ат» шабады, «аю» қорбаңдайды; Тыныс алу жаттығулары-«Жел» **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды бекіту; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Көркемсөз Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас". Нан – ардақты адал ас,				

Scanned with CamScanner

	Кәрі-жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан кокымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы. Педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруды және атауларын атауды сұрайды, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын. "Қуыршақтарға мойшақтар алыңыз». Мақсат-міндеттері. Үлгі бойынша түсін таңдау. Материал. Негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері. (танымдық іс-әрекет)	"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыруды үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыкка тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Үстел үсті ойындары. "Мамандықтар иесі". Мақсат-міндеттері. Мамандық көліктерін ажыратуды, атауды үйрету. Керекті құралдар: көліктер. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)	"Көңілді қыстырғыштар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ еске сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөздік қор** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну	**Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша	**Қазақ тілі** Қыс тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; байланысты тілді дамыту; сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Қ», «Ы», «Г» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша

Scanned with CamScanner

	«Бұл не?» Мақсаты: ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарына сөздерді атау. Дыбыстарды анық, таза айтуға машықтандыру. **Қағаздан құрастыру** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, **Дене шынықтыру** **Бассейн** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша **Заттық мүсіндеу** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.	бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Дидактикалық ойын: «Түлкінің үйшігін жасауға көмек» Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Мақсаты: пішіндер туралы алған түсініктерін бекіту. Логикалық ойлауын дамыту. Заттық сурет салу. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Ұлттық ойын: «Асық ату» Мақсаты:Балаларды ептілікке, дәлдікке үйрету. Ұлттық ойынға	«Көліктер»тақырыбына дәстүрден тыс әдіспен сурет салдырып үйрету Дидактикалық ойын: «Қай ертегі кейіпкері» Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеу тілін дамыту. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы пішіндер» Мақсаты: пішіндер туралы түсініктерін бекіту.Ұлттық ойын: «Тақия жасыру»Мақсаты:Балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,икемділікке үйрету. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу,	4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (қыс айлары, аяз, қырау, боран, желтоқсан, қаңтар, ақпан, сырғанақ, шана, коньки) Мақсаты: Дыбыстарды анық, таза айтуға машықтандыру.Сөйлеу қарқынын өзгерте білу ептілігін дамыту. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Заттық сурет салу. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау Ұлттық ойын: «Ханталапай» Мақсаты:Ұлттық спортқа баулу.Балаларға асықтың тарихы,оның ережелері жайлы мағұлматтар беру.	Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. «Артығын тап.» Ойын мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. Ұлттық ойын: "Таяқ,-тастау" Мақсаты: Төзімшілікті, күшті, белсенділікті дамыту, өз әрекетін әріптесінің әрекетімен келістіру дағдысын меңгерту.

Scanned with CamScanner

		қызығушылыққа тәрбиелеу.			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сыртқы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Серуен	Ағашты бақылау. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде ағашты бақылауды жалғастыру, оны катты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Қар үлпалары мен жел",	Шыршаларды бақылау. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары) **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Қардың жауғанын бақылау. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. **Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмыска жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс**	Қардың тереңдігін бақылау. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Үксайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалындығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалындығына назар аудару. **Қимылды ойын.** «Ақшақарды изде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Бақылау: шыныдағы орнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын:** «Тышкан мен мысық»

Scanned with CamScanner

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Көркемсөз Көркем сөз Нан қосып же тоясың,			

Scanned with CamScanner

	Тәбетің де оянсын. Тойып алған балакай, Асыр салып ойнасын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Саусақ жаттығуы.** Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торка, Он дегенің - оймақ, Он бір - кара жұмбақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Еркін ойындар.** Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен ойын түрін таңдау, ойынға арналған заттарды және орынды ынғайластыруды үйрету. Ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру**	**"Қыс белгілерін ажыратамыз"** дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті**	**Дидактикалық ойын.** **«Сынарын тап».** Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздық пен шапшаңдықты үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі. Геометриялық пішіндерді қақ ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады, балалар геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға	**Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш,	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары қызығушылығын арттыру бойынша Күй тыңдау. Ұлттық аспап үніне	**Қазақ тілі** Тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру; «Мынау не?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Һ», «Ө», «Ү», «Қ», дыбыстарының айтылуын үйрету. «Дауыстап санау» дидактикалық ойыны	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары қызығушылығын арттыру бойынша Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»

Scanned with CamScanner

	Дидактикалық ойын: «Сенің ойыншығың қандай?» Мақсаты: Сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. **Дене шынықтыру (Бассейн)** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша	төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, «Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше карастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. «Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыруЗаттық сурет салу. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық	сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ» Мақсаты: Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру. Ұлтжандыққа тәрбиелеу “Қай қолымда көп» дидактикалық ойыны Ойын мақсаты:Заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;	Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Дидактикалық ойын:«Мен жақсы сөйлеймін» Мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөйлемде бекіту. Ұлттық ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу	Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. «Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Ұлттық ойын: Хан «алшы» Мақсаты: Балаларды асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу

Scanned with CamScanner

		жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (кажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сыртқы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе бірөу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Серуен	**Суықторғайды бақылау(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**Мақсаты:Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. **Бақылау барысы** Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) Суықторғайлар бізге	**Бақылау «Қардағы құс іздері» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .**Бақылау барысыБалаларға** сұрақтар Із дегеніміз не? (кардың үстінде калған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. Қалай ойлайсыңдер, мынау нөнің іздері, құстың ба, әлде	**Күн мен түн неге ауысады? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.**Бақылау барысы** Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге	**Қарғаларды бақылау(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.қарғалардың тіршілігін бақылау құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу **Бақылау барысы** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Қара түсті қаркылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға) Қарға қыстап қалатын құс.Ол өзінің азығын	**Қар ұшқындарын бақылау(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. **Балаларға сұрақтар:** Жауған қар қандай? Ұшқан қарды алақандарына қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? Жақсылап қараңдаршы, кардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?. Д/О: «Үқсас өрнекті тап».

Scanned with CamScanner

	кай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) Суықторғайлардың балапандары кай уақытта көрінеді? (мамыр айында) Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) нені дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұян, мұнды) Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) **Еңбек** Ойын алаңын қардан тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу**(еңбек іс-әрекеті)Қимылды ойын**«Үшты-үшты». Мақсаты:аңғарымпазды қа, шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)** **Жаттығу ойындары** «Қапшықтағы жемді жеткіз». **(дене шынықтыру)**	жануардың ба?Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?) **Еңбек** Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты:Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; **(еңбек іс- әрекеті)** **Қимылды ойын** «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу**(дене шынықтыру)Жатты**	қараған бетінде түн болады. **Балаларға сұрақтар.**Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді) Күн неге батады? (жер күнді айналады, сондықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.) **Еңбек** Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимылды ойын**«Жердің күнді айналуы».Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту. **(дене шынықтыру)** **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты:мергендіктерін дамыту**(дене шынықтыру)**	қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған. **Еңбек** Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу. **(еңбек іс- әрекеті)** **Қимылды ойын** «Пингвиндер доп ойнап жүр».Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. **(дене шынықтыру)** **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: ынсанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру)**	Алаканға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу. **Зерттеу жұмысы** Алақандағы қар неге еріді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;Бастаған істі аяқтауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «Екі аяз» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту. **(дене шынықтыру)** **Жаттығу ойындары «Байқап өт».** Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету. **(дене шынықтыру)**

Scanned with CamScanner

		гу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. **(дене шынықтыру)**			

Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, түскі аска отыруы. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. Көркем сөз М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алакан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
Түскі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жаткан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)

Scanned with CamScanner

Бесін ас	Балалардың беті-қолын жуып, бесін асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық кажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау кажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Бата қайтару.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. **(карым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын."Ойыншықтар " дүкені".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Дамытушы ойын "Сынық телефон".** Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".** Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын."Цирк".** Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды	**Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Кememен саяхат".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екенін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.	**"Сақина" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Мақсат-міндеттері. Балалардан туған күн ұғымын қалай түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атап өту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет. зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Scanned with CamScanner

.			қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Санамақ** Имран,Асылым,Алимен Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әркайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Артикуляциялық жаттығулар.**Руфина. Амирмен **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Бала тілін дамыту.**Мұхаммед.Алихан, Шерханмен Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиін" "Аңдып тұрған жау жоқ па?"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Жыл мезгілі туралы әңгіме.**Раяна,Сая,Димашпен Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**"Кім, қайда тұрады" дидактикалық ойыны.**Әлихан,Имранмен Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Әртүрлі жануарлардың тобы (үйірі, отары) мен олардың үйлерінің суреттері, қарындаштар. Барысы. Әр жануардың үйі қайда екенін анықтау, қарындашпен сызық жүргізу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту.	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру.	Қарды бақылау. Оның түсі, салқын, ұлпа қар, т.б қасиеттерін білу	Қысқы ағаштың тіршілігі. Сыртқы бейнесіне назар аударту.	Ауа райы туралы әңгімелеу

Scanned with CamScanner

.	(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету). (**мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет**)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**(сөйлеуді дамыту)** Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. . Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату.	**(математика негіздері)** Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау **(көркем әдебиет)** Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Балалардың қалауы бойынша еркін	**(математика негіздері)** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. **(мүсіндеу, жапсыру)** Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату.	**(құрастыру)** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру	**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу

Scanned with CamScanner

		тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)			
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Баланың кабілеттері туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы сөйлесу.

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер
«28» «02» 2024-2025 о.ж
Жумалулова Ж.Т.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 03.03 -07.03. Наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі: «Патриотизм ата-анаңды құрметтей білуің»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.03.2025	Сейсенбі 04.03.2025	Сәрсенбі 05.03.2025	Бейсенбі 06.03.2025	Жұма 07.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тукешова Райгуль, Картанова,Исаева Толганай Амануллаевна, Бергазина Майра Айбековнамен балалардың жеке басының гигиенасы туралы әңгімелесу.	Нұргүл Әбдіхалыққызы, Латиева Зерде Оңдасынқызымен Аналар мерекесіне тақлақтар жаттату туралы әңгімелесу	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Муратова Мира Батырбекқызымен Кешкілік балаға ертегі оқып беру туралы әңгімелесу	Махметова Салтанат Жумашевна,Дарьябаева Жанар Ырзабекқызы, Сильбаева Анар Нуртайқызымен Таза ауада баламен серуендеу, ойындарды бірге ойнау жөнінде әңгімелесу.	Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Бектлеуова Жанылай Тагибергеновнамен Демалыс күнін ұйымдастыру, жөнінде әңгімелесу

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимыл ды, үстел үсті ойын дары,бейиелеу іс-әрекеті,кітаптарды карау және баска лар)	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыкка тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе қарама-қарсы) отыр ған Дастанға (есімі белгілі балага) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатканын да айтып, содан соң	Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына". Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. (танымдық дағдылар) Ұлттық ойын: «Аркан тарту» Мақсаты: Ұлттық ойынға деген сүйіспеншілік, татулық, бірлік, достыкка тәрбиелеу. Қимылкозғалыстырын дамыту. Хан «алшы» Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады.Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды.Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады.Құлаған асықтарды жинап алады.Егер хан асығы бүк,шік,тайқы-қалыптарымен түссе,бастаушы жақын	Ұлттық ойын. «Бестас» - өте көне дәуірден келе жаткан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (математика негіздері)	"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыкка тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе карама-карсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатканын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру) «Орамал тастамаю» Мақсаты: ептілікке, аңғарымдылыкка, татулыкка тәрбиелеу,	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кенейту, ылғал ды сүйетін және құрғакшылыкка төзімді, фотофильді, көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатка ұқыпты карауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) «Көтермек» ұлттық ойыны Ортага екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бі\ріні бірін- бірі аркада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Мақсаты: ептілікке, аңғарымдылыкка,

Scanned with CamScanner

	асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын тағ дайды.Ойын осы бағытта жалғасады. (танымдық дағды лар,денешынықтыр)	құлаған асықтарды ата береді. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)		ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру	татулыққа тәрбиелеу, ұлттық ойынға сүйіспеншіліктерін арттыру
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау. 1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау. 1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою. 1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аягын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аягына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау. 1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аягына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге аркасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1 - оң тізесін бүтіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аягына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою. Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аягын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. Көркем сөз. Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Scanned with CamScanner

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Сөйлеуді дамыту)	"Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)	Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл түрсын! Жерім жайнап күлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл түрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Шеңбер құрып, барлығы бірге қайталайды. (сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша карапайым қойылымдарды ойнауға үйрету. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Дидактикалық ойын: «Гүл шоғын құрастыр» Мақсаты: аналар мерекесі туралы, анаға сүйіспеншілікке баулу. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Заттық сурет салу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін,	**Қазақ тілі** «Мынау не?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Ө», «Ғ», «Қ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Дидактикалық ойын: «Дұрыс айт» Мақсаты: сұраққа толық жауап беру, логикалық ойлауын дамыту. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Заттық жапсыру: Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Заттық мүсіндеу Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. Жұмбақтарды шешу. (ел ауызынан) Ауызы жоқ сөйлейді. (Хат)

Scanned with CamScanner

.	Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. **Дене шынықтыру Бассейн**	Өсімдіктер әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.	логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. «Анамның кестесі» ұлттық нақыштағы бұйымдарды кестелеп тігу. Ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілік, дәріптеуге тәрбиелеу, ұсақ моторикасын дамыту.	бойынша арақатынасын ескеру. Дидактикалық ойын: «Анаға сыйлық жасайық» Мақсаты: ойын арқылы анаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу,тілдерін дамыту.	Ақ сандығым ашылды, Кішкене ғана бойы бар Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа) Аяғы жоқ жүреді, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (Тасбақа)
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру,мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Бақылау.**Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді,	**Бақылау.**Қарды, қар түсуін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қыста ғана болады,	**Бақылау.**Қар суын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі)	**Бақылау.**Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су)	**Бақылау.**Күннің шұғыласын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) Бақылау.

Scanned with CamScanner

.	Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. **Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын көпсыту. (еңбек дағдылары) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты калыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. **Қимылды ойын**: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)	Ұстасаң қолың тоңады. (қар) Өлең. Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнін тыңдап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. Бақылау. Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Еңбек.** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. (еңбек дағдылары)	Бақылау. Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. **Еңбек.**Аула сыпырушы еңбегіне көмектесу. Еңбекке баулу. Адамдар еңбегі бағалау, оған құрмет көрсетуге үйрету. **Қимылды ойын.** "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар. Қар бетіне сурет салу. (сурет салу) Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту,	Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін калыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. **Еңбек.** Аула маңын көкыстан тазарту. (еңбек дағдылары) Ұжымда еңбектене білуді калыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. **Қимылды ойын:** «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау	Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі коян» деген ойынды ойнату. **Еңбек.** Жолдарды қардан тазарту. (еңбек дағдылары) Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. Өз бетімен ойындар. Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. (дене шынықтыру) **Қимылды ойын.** «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.

Scanned with CamScanner

.	Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру.	Өз бетімен ойындар. Спорт алаңындағы ойындар. (дене шынықтыру) Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету. **Қимылды ойын:** «Таспаны ұстап ал». (дене шынықтыру) Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету.	қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау. Саусақ жаттығулары Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Уықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. (сөйлеуді дамыту)	үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге кармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Тіл дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру,				
Түскі ас	Мәдени-гигеналық дағдылар. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	«Үш дос» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аякпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				

Scanned with CamScanner

	(дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Бақша ағаштары".	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аквариум балықтары". Мақсат-міндеттер: балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыру. «Үй жануарлары мен төлдері». Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа,	Құрастырудан ойын-жаттығу "Мысығым менің мысығым". Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Түрлі пішінді балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әркалай жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Террариумдағы тасбака". Мақсат-міндеттер: балалардың тасбаканың тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбаканың құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту. Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. Театрды сахналау. "Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою.	Ұлттық ойын "Бес тас" «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.

Scanned with CamScanner

.	Мақсат-міндеттер: балаларды "Бақша ағаштары" әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру.	сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. (дене шынықтыру)	қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбеккорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)		"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Сая, Шерханмен "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі	Али,Әлихан,Амирмен "Сәйкесін тап"ойыны. Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды) Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды) Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі) Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады) (сөйлеуді дамыту)	Асылым, Мұхаммед, Алиханмен Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған ортамен танысу)	Димаш, Раянамен Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз, Тәтті болып жасалған, Наурыз дәмін татамыз. Б.Жақып (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Имран, Руфинамен Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап". Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы. Жалпақ тілмен жоғаргы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің

Scanned with CamScanner

• •	қарапайым заңдылықтарды көру. (математика негіздері) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)				қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға және солға емес, тек төмен
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қарды бақылау. Оның түсі, салқын, ұлпа қар, т.б қасиеттерін білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қысқы ағаштың тіршілігі. Сыртқы бейнесіне назар аударту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ауа райы туралы әңгімелеу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай				

Scanned with CamScanner

.	Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)Ойын жаттығуы. "Сабын көпіршіктері". (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Торғай ұшып келеді". Мақсат-міндеттер: балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, канаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көктем туралы тақпақты жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Тамшыларды қалай санаймыз?" Мақсат-міндеттер: балаларда дыбыстарды естіп алып, жиының белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалыптастыру.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Көктем белгісі - бәйшешек". Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларын екіге бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Аналар мен қыздар". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды үйретуді жалғастыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет ке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйіне қайтуы	«Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу	баланына үйде ертегі оқып беру туралы кеңес беру	әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	«Баланың есте сақтау қабілетін дамыту»

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер
«07» «03» 2024-2025 о.ж
Бисенгалиева Н.Е.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 11.03 -14.03. Наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі: «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес,ұлттық жауапкершілік»

Күн тәртібі		Сейсенбі 11.03.2025	Сәрсенбі 12.03.2025	Бейсенбі 13.03.2025	Жұма 14.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Тукешова Райгуль, Бергазина Майра Айбековнамен Жеке жұмыс: Баланы дамыту үшін ата-ананың іс-әрекеті»	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Исаева Толганай Амануллаевна, Латиева Зерде Оңдасынқызымен Отбасылық мерекелер туралы, балалармен демалысты ұйымдастыру туралы әңгімелесу	Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Муратова Мира Батырбекқызымен үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға балабақша жасынан тәрбиелеу туралы әңгімелесу, кеңес беру.	Ата-аналармен «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. **(танымдық дағдылар)**	**"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң) жағымда (немесе карама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың	**Ұлттық ойын. Бес тас** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. **(математика негіздері)**	**"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. **(жапсыру)**

Scanned with CamScanner

			түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. **(танымдық дағдылар, дене шынықтыру)**		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (шашақшамен) 1.Б.қ:аяқ арасы сәл алшақ,шашақша төменде,1-аяқ ұшын көтеру,2-шашақшаны екі қапталға сермеу,3-жоғары сермеу,4-б.қ (5-6 рет) 2.Б.қ:аяқ арасы иық деңгейінде шашақша екі қапталда,оңға-солға иілу. 3.Б.қ:аяқ арасы алшақ,шашақша төменде,бір орында жүре тұра,шашақшаны жоғары көтеріп бір-біріне тигізу,б.қ келу. 4.Б.қ:аяқ арасы алшақ екі аяқпен кезек-кезек секіріп,екі қолды кезек-кезек жоғары көтеріп,шашақшаны жоғары-төмен сермеу. 5.Б.қ:аяқ арасы қосулы,қол белде,бір орында секіріп тұрып,шашақшаны ыққа тигізу,жоғары сермеу,б.қ келу. 6. Б.қ:аяқ арасы қосулы Қолды жанына ұстап шашақшаны айналдыру. Б.қ келу. Жәй жүріс,«Ат» шабады, «аю» қорбаңдайды; Тыныс алу жаттығулары-«Жел» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Көркемсөз Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлеймін шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Үстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға	«Жыл құстары» тақырыбында иллюстрациялық	**Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды	Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер жаттау.

Scanned with CamScanner

		эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	суреттерді карастыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын. **(сөйлеуді дамыту)**	**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ертегілердің	**Қазақ тілі** (Жазғы киім, қысқы киім, бас киім, аяқ киім, сәнді, ұлттық) тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Дидактикалық ойын: «Қай жабайы аңның сыртқы келбеті?» «Не қайда мекендейді?»	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Дидактикалық ойын: «Немен коректенеді?»

Scanned with CamScanner

		басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті ертегім» геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгілде болады?» Тәулік туралы түсініктерін бекіту. Сюжеттік сурет салу: Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.	кейіпкерлерін ажыратып, ол туралы әңгімелей білуге үйрету. Сюжеттік мүсіндеу Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Ұлттық ойын: «Асық ату» ер балаларды асық атуға, ептілікке, батылдыққа, мергендікке үйрету.	Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір» тәулік туралы түсініктерін қалыптастыру, есте сақтау тқабілетін дамыту. Күй тыңдау. Ұлттық аспап үніне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ұлттық ойын: «Теңге алу» ептілікке, далдікке үйрету. Ұлттық ойынға қызығушылыққа тәрбиелеу	**Заттық жапсыру:** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» Біртұтас тәрбие бағдарламасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Педагог серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне қарай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін сыртқы материалды, балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін сақтау. (карым-қатынас іс-әрекеті)				
Серуен		**Бақылау: Қардың**	**Бақылау: Аула**	**Бақылау:**	**Күннің шұғыласын**

Scanned with CamScanner

		түсуін бақылау Мақсаты: - Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; — әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру танымдық,коммуникативтік әрекет** **Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін кармен көму. Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту **Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері** **Қимылды ойын: «Ыстық-суық».** Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету **Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын қимыл белсенділігі** **Өз бетімен ойындар.** Спорт алаңындағы	**тазалаушы еңбегін бақылау.** Мақсаты: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.**Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуникативтік әрекет** **Еңбек:** Құыршақ үшін кардан құрлыс тұрғызу. Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері Мақсаты: —бірлесе жұмыс істеуге үйрету; —еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Екі аяз» Мақсаты жүкіруге жаттықтыру; — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау.	**Суықторғайды бақылау** Мақсаты: — Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; — Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуникативтік әрекет** **Еңбек: Ойын алаңын кардан тазалау.** Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері **Қимылды ойын «Үшты-ұшты».** Мақсаты:ағарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу **Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**	**бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) **Бақылау** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Қимылды ойын «Ақсақ түлкі» (дене шынықтыру)** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Еңбек.** Аула тазалаушыға көмектесу. **(еңбек дағдылары)** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру,

Scanned with CamScanner

		ойындар. (дене шынықтыру) Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.	Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі		мадақтау.(дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, түскі аска отыруы. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. Көркем сөз Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған аска назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)Бата қайтару.				

Scanned with CamScanner

алалардың ербес әрекеті аз қимылды, стел үсті йындары, бейнелеу іс-әрекеті, ітаптарды арау және басқалар)		**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Үй жиһаздары". Мақсат-міндеттер: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету. **«Арқан тартыс» ұлттық ойыны.** «Арқан тартыс» ойынының негізгі шарты 2 топтың сынасуы болса, қазақ тілі сабағында 2 топ білім сынасады. Мұны былай жасадым: жуандығы 2 елідей ұзын жіпті тақтаның жоғарғы жағына 2 шегеге іліп, ұштарын теңестіріп қоямын. 2 топтан бір оқушыдан шығып, бір мезгілде мақал-мәтелдерді тоқтамай айтып шығады. Қай топтың оқушысы бұрын шығарса, жіптің ұшын өзіне қарай тартады. Нәтижесінде арқан қай топқа қарай көп жылжыса сол жеңеді	**Сюжетті-рөлдік ойын "Емхана"** Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әркайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бәйшешек".	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Алдар Көсенің мерекелік сыйлары". Мақсат-міндеттер: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жиынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Ұлттық әшекейлер". Мақсат-міндеттер: қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге және бұйымдарды қосымша бөлшектермен безендіруге, өрнекті қырнауыштың көмегімен бедерлер түсіру арқылы толықтыруға үйрету. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Тұмарша". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың бетіне тұмарша үшбұрышын салып, сұлбасы іші мен сыртын қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіру	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Баланы қырқынан шығару". Мақсат-міндеттер: балаларды "Баланы қырқынан шығару" рәсімімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. **Ұлттық ойыны. Сықырлы таяқ** Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың

Scanned with CamScanner

		деп есептеледі. Бұл ойынды барлық пәндерге қолдануға болады. **(дене шынықтыру)**	Мақсат-міндеттер: балалардың бәйшешек туралы түсініктерін кенейту; көктемде пайда болатын бәйшешектің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету.	тәртібіне үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын ұштау; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу.	бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардыңсаны көп болса, ойын қызықты өтеді. **(дене шынықтыру)**
Балалармен жеке жұмыс		**" Кел, бірге ойнайық" дидактикалық ойыны.** Асылым,Амир,Әлихан мен Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық дағдылар)	**Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".** Али, Алихан,Мухаммедпен Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар.Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.(сөйлеуді дамыту,танымдық дағдылар)	**Дидактикалық ойын. "Не өзгерді?"** Руфина,Имран,Раянамен Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	**Көктем мезгілі туралы** әңгіме.Шерхан,СаяДимаш пен Мақсат-міндеттері: қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				

Scanned with CamScanner

Серуен		Қоршаған ортаны карап, бақылау, әңгімелеу. **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**	«Құстар біздің досымыз» әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**	Көк шөптердің шығуын бақылау. **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**	Таза ауада ойындар, әңгімелесулер, көктем туралы әңгімелеу **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және		Көктемнің алғашқы айы наурыз екенін. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты	Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет аткаратынын, қандай дыбыс шығаратынын	Қамшымен таныстыру. Бөліктерін атау, тану. Оны кеңістікте орналастыру арқылы анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан	«Жыл басына таласкан хайуанаттар» ертегісін естеріне түсіру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен,

Scanned with CamScanner

басқалар)		күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. **(сөйлеуді дамыту)**	атйып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Дайын әшекей бейнелерін бояту **(сурет салу)**	оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)** «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшы мен жасату. **(музыка)**	киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Киіз үй бөлісін дұрыс орналастырып жапсырту. **(жапсыру)**
Балалардың үйіне қайтуы		Ата-аналарға үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	«Құстар» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуларына тілек білдіру.

Scanned with CamScanner

Тексерілді:
Әдіскер
« 14 » « 03 » 2024-2025 о.ж
Махсенова Ж.Ш.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 17.03-21.03 Наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аптаның дәйексөзі: «Ар-намысың ғана тәуелсіздікке тірек бола алады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.03. 25	Сейсенбі 18.03.25	Сәрсенбі 19.03.25	Бейсенбі 20.03.25	Жұма 21.03.25
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қалірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевна, Муратова Мира Батырбекқызымен Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Бектлеуова Жанылай Тагибергеновна, Махметова Салтанат Жумашевнамен Балалардың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.Әдептілік сөздерді үйрету туралы әңгімелесу.	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Исаева Толганай Амануллаевна, Латиева Зерде Оңдасынқызымен «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.	Дарьябаева Жанар Ырзабекқызы, Тукешова Райгуль, Бергазина Майра Айбековнамен Сильбаева Анар Нуртайқызына жеке жұмыс: баламен бірге нейрожаттығу жасау туралы кеңес беру.	

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны «Мозаика» Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. (танымдық іс-әрекет)	«Заттық фриздер» дидактикалық ойыны Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту. Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көгөністер мен жемістер суреттері, көгөністер мен жемістер муляждары, қоржын. Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көкөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер». Мақсат-міндеттер. Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары. Ережесі. Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы таңдап алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Көшпелі халықтың баспанасы" Мақсат-міндеттер: балаларды киіз үй бейнеленген трафаретке түрлі-түсті тоқыма жіптерін жабыстыру арқылы киіз үйді құрастыруды үйрету. "Артық затты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог балаларға заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған заттың атауын атайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)	
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығу кешені (затсыз) 1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;				

Scanned with CamScanner

	3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын қушитпау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жакка орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою. 1- оң аягын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жакка орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жакка секіру, 5-8 санау арқылы сол жакка секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем. (сөйлеуді дамыту)	Балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.Дала гүлге боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады.(сөйлеуді дамыту)	"Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Дене мүшелері жайлы білімдерін толықтыру. (карым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын: «Неше? қанша» Мақсаты: Көрші сандар туралы ұғымдарын бекіту. 1-5 сандарының реттік орналасуын білу. (танымдық әрекет)	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық	**Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның	**Дене шынықтыру** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық	**Қазақ тілі** Наурыз мерекесіне қатысты өлең, тақпақ үйрету. Балалардың Отан	

Scanned with CamScanner

	райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Дидактикалық ойын: «Көктем келді» Мақсаты: қазақ тіліндегі дыбыстарды анық айту, етістіктерді бұйрық райымен қолдану. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау Дидактикалық ойын: «Кел, салыстырайық» Мақсаты: ұзындау-қысқалау сөздері арқылы салыстыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Бұл не?» мақсаты: Ойын арқылы тілдерін дамыту, ойлау қабілеттерін дамыту. **Дене шынықтыру (Бассейн)** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша	перспективалық жоспары бойынша Гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман). Дидактикалық ойын: «Гүлдерге күтім» мақсаты: зейінін дамыта отырып, дыбысты дұрыс айту, сөз құрау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Сәндік сурет салу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. «Ұлттық киім» суретін салу. Дидактикалық ойын: «Қай жыл мезгіл кімі?» Мақсаты: жыл мезгіліне сай киімдерді	жоспары бойынша Сәндік жапсыру Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. «Жеті лақ» ертегісін ролдерге бөліп ойнату. Қасқыр мен ешкінің дауыстарының айырмашылықтарын ажыратып дауыстауға, мейірімділікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сөреге киімдерді жина»мақсаты: берілген тапсырманы орындауға, ұқыптылыққа үйрету.	сүйгіштік сезімдерін ояту. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Наурыз мейрамы, ұлттық тағамдар) Дидактикалық ойын: «Ұлттық киімдер» Мақсаты: Ұлттық киім, оюларды ажырату, ерекшеліктерін ажырату, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. **Музыка** ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша Сюжеттік мүсіндеу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау. Дидактикалық ойын: «Асылымға көмектесейік» Мақсаты: математикалық түсініктерін ұалыптастыру, салыстыру арқылы айырмашылықтарын табуға, логикалық ойлауын дамыту.	

Scanned with CamScanner

.		ажыратуға, киімдерді көрсетілген ұяшыққа жапсырып орналастыру. Сипаттама беру.	Сөздік қорын байыту, дыбыстарды анық, таза айтуға машықтандыру.		
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" «Үнемді тұтыну» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру,мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Бақылау**.Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. **Еңбек.** балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). Мақсат-міндеттер. Қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.	**Бақылау**.Сыпырушының жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмекке келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. **Еңбек**. (ауланы қар мен көкіс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). (еңбек іс-әрекеті)	**Бақылау.** Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. **Еңбек**.Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолды сыпырғышпен сыпыру. (еңбек іс-әрекеті)	**Бақылау**.Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. Бақылау. Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. **Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Тротуарды, жол жиегін әктеу, сыпыру, жинау. (еңбек дағдылары) **Қимыл-қозғалыс ойындары:** «Аксерек-көксерек». (дене шынықтыру)	

Scanned with CamScanner

	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіруге жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.	Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** Өзіндік еркін "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, қадамдарды жиілетуге үйрету, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту	Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Тіл дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) **Көркем сөз** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Scanned with CamScanner

Түскі ұйқы	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (көркем әдебиет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка –шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан оятуқсауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау; табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жиға күш.) Бата қайтару.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	Ұзын құлақты,жылдам аяқты, Сәбізді жақсы көретін ол не? Иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып,балалардан қоянның қайда тіршілік ететіні,құлағы неге ұзын екені,қалай секіретіні,неге сұр қоян деп аталғаны жайлы сұрап,өзі жауаптарды толықтырып түсіндіру. (сөйлеуді дамыту,	"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап	Түлкі жабайы аң. (слайдтан көрсету арқылы түсіндіру.) Ол – өзінен кіші аң – құстармен қоректенеді. Өте қу, айлакер аң. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. Сонымен қоса өте ақылды аң. Ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман - есен құтыла алады.(қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту). «Наурыз той думан!»	"Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға	

Scanned with CamScanner

	қоршаған ортамен танысу) Сюжетті-ролдік ойын. "Театр". Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	бере алмаса, шеңберден шығады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. (дене шынықтыру)	Тақпақтар айту, әндер орындау. Наурыз мейрамы туралы әңгімелеу. Ұлттық ойындар: «Арқан тарту, «Қыз қуу» «Тұсау кесу » рәсімін көрсету.	орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады. (қоршаған ортамен танысу)	
Балалармен жеке жұмыс	Асылым,Шерхан, Алимен Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Бірге орындаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы.	Руфина,Имран,Дінмұхаммедпен "Не өзгерді тап" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	Амир,Сая,Алиханмен Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне	Мұхаммед,Әлихан,Раянамен "Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл	

Scanned with CamScanner

	Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. (дене шынықтыру)	Барысы. Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін айтып, артығын қарандашпен сызады (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)	ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. (танымдық іс-әрекет)	мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Көктем" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ауа райы туралы әңгімелеу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Құстарды бақылау(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қардың еруін бақылау Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік әрекет; Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі Еркін ойындар	
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Суды үнемдеп қолдану - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)				
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, іс-әрекеті, кітаптар ды қарау және басқалар)	Сюжетті-рөлдік ойын "Емхана" Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жеті ата тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды халықтың дәстүрі, жеті ата туралы тақпақпен таныстыру,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Алдар Көсенің мерекелік сыйлары". Мақсат-міндеттер: балалардың сілтеуіш арқылы қатарда	Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй жиһаздары". Мақсат-міндеттер: балаларды құрамында: тақтайша, білеу, текше бар құрылыс материалдар	

Scanned with CamScanner

	қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.	"жеті ата шежіресі" ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалдарын көрсету.	орналасқан геометриялық пішіндерді санап, жынын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру.	жинағынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету.	
Балалардың үйіне қайтуы	Кенжебаева Айгуль Сандигалиевна, Исаева Толганай Аманулаевнамен Балалардың музыкалық кабілеттері туралы әңгімелесу.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Махметова Салтанат Жумашевна, Дарьябаева Жанар Ырзабекқызымен баланың өз құрдастарымен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу.	Бектлеуова Жанылай Тагибергеновна, Нурумбетова Нұрсұлу Уразгалиевнага Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.	

Scanned with CamScanner

Тексеріллі:
Әдіскер
«10» «03» 2024-2025 о.ж
Жунусова Ж.П

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
Топ: Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ересек «Ақбота»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды: 26.03 -28.03.Наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиешілер: А.Б.Дуйсенова, Ф.А. Муханова
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша антаның дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

Күн тәртібі			Сәрсенбі 26.03.2025	Бейсенбі 27.03.2025	Жұма 28.03.2025
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыруға, музыканы эмоционалды қабылдау, түсінуге, қадірлеуге қалыптастыру. Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен еміи-еркін карым-катынас жасау дағдыларын калыптастыру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. Күй күмбірі **Қазақстан Республикасының әнұраны (дүйсенбі күні)**				
